

"Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-336/2020 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2025 жылғы 18 наурыздағы № 23 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылы 18 наурызда № 35836 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-336/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22004 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген 1-қосымшаға сәйкес Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыларды беру бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларында:

3- және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. "Эпидемиялық мәні жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – объектінің мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті және оның аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) тиісті аумақтағы объектінің орналасқан жері бойынша "электрондық үкімет" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді.

4. Эпидемиялық мәні жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны (бұдан әрі – объектілерге санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды) алу үшін жеке тұлға дара кәсіпкер ретінде немесе заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген нысан бойынша өтініш және осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген

Объектінің мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің (бұдан әрі – объектілерге мемлекеттік көрсетілетін қызмет Тізбесі) 8-тармағына сәйкес құжаттарды жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетіне" объектілерге мемлекеттік көрсетілетін қызметке сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақытын көрсете отырып хабарлама жіберіледі.";

7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Көрсетілетін қызметті алушы толық емес құжаттар топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметкері осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген мерзімде өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Көрсетілетін қызметті беруші басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған өтінішті өтінішті қабылдаудан бас тарту көрсетілетін қызметті алушыға электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Аккредиттелген зертханалар жүргізген зерттеулер (сынақтар) хаттамаларының мерзімі 1 жылды құрайды. Аккредиттелген зертханалар жүргізген өлшемдер хаттамаларының қолданылу мерзімі 3 жылды құрайды.

8. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері 4 (төрт) жұмыс күнде көрсетілетін қызметті алушы объектіге кіруін қамтамасыз еткен жағдайда мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық нормалау жүйесі құжаттарының талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады және объектіге бару туралы көрсетілетін қызметті алушыны алдын ала хабардар ету. Оның нәтижелері бойынша 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша объектіні санитариялық-эпидемиологиялық тексеріп қарау актісі ресімделеді."

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың Объектілерге мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде, көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі - ӘРПК) 66-бабында көзделген тәсілдердің бірімен көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім туралы хабарлама жібереді. Хабарламаны көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамы ӘРПК-нің 73-бабына сәйкес көрсетілетін қызмет аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жібереді. Көрсетілетін қызметті алушы хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде көрсетілетін қызметті берушінің алдын ала шешіміне қарсылық білдіруге немесе ұсынуға құқылы.

Тыңдауды өткізу нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші объектілерге санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды ресімдейді және береді не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жібереді.";

11-тармақ алып тасталсын;

13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"13. "Қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлардың жол берілетін шекті шығарындылары мен жол берілетін шекті төгінділері, санитариялық қорғау аймақтары мен санитариялық-қорғаныш аймақтары бойынша нормативтік құжаттама жобаларының, шикізат пен өнімнің жаңа түрлерінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – жобаларға мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті және оның аумақтық бөлімшелері тиісті аумақтағы объектінің орналасқан жері бойынша (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) "электрондық үкімет" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді.

14. Қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлардың жол берілетін шекті шығарындылары мен жол берілетін шекті төгінділері, санитариялық қорғау аймақтары мен санитариялық-қорғаныш аймақтары бойынша нормативтік құжаттама жобаларының, шикізат пен өнімнің жаңа түрлерінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны (бұдан әрі – жобаларға санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды) алу үшін жеке тұлға дара кәсіпкер ретінде немесе заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 6-қосымшада көрсетілген нысан бойынша өтінішті және осы Қағидаларға 5-қосымшада көрсетілген Жобаларға мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің (бұдан әрі – Жобаларға мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесі) 8-тармағына сәйкес құжаттарды портал арқылы жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетке" жобаларға мемлекеттік көрсетілетін қызметке сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.";

16, 17 және 18-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері жобаларға мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттың деректері туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

17. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған кезде жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметкері осы Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген мерзімдерде өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Көрсетілетін қызметті беруші басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған өтінішті қабылдаудан бас тарту көрсетілетін қызметті алушыға электрондық құжат нысанында жіберіледі.

18. Көрсетілетін қызметті алушы Жобаларға мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері объектіге бармай-ақ 6 (алты) жұмыс күні ішінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігіне құжаттарға санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізеді.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың Жобаларға мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі - ӘРПК) 66-бабында көзделген тәсілдердің бірімен көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім туралы хабарлама жібереді. Хабарламаны көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамы ӘРПК-нің 73-бабына сәйкес көрсетілетін қызмет аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жібереді. Көрсетілетін қызметті алушы хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде көрсетілетін қызметті берушінің алдын ала шешіміне қарсылық білдіруге немесе ұсынуға құқылы.

Тыңдауды өткізу нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші жобаларға санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды ресімдейді және береді не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жібереді.";

21-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 22-1-тармақпен толықтырылсын:

"22-1. Қағаз нысанда берілген санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды жоғалған, бүлінген кезде көрсетілетін қызметті алушы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының телнұсқасын алады.

Егер санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды қағаз нысанда берілсе, көрсетілетін қызметті алушы өтініш бойынша оларды электрондық форматқа ауыстыруға және санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының электрондық нысанын алады.

Көрсетілетін қызметті беруші санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының телнұсқасын немесе электрондық форматқа ауыстыруды беруді "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асырады.";

33 және 34-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны қайта ресімдеу объектіге тексеріп қарау жүргізбей, мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

- 1) құжаттағы қателерді (қателерді) анықтау;
- 2) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 45-бабында көзделген заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру;
- 3) объектінің орналасқан жерінің мекенжайын физикалық ауыстырмай өзгерту;
- 4) көрсетілетін қызметті алушының заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің атауын өзгерту;
- 5) объектінің нысаналы мақсатын, жүзеге асырылатын қызмет түрін, технологиялық процессін, қуаттылығын өзгертпей және объектіге құрылымдық өзгерістер енгізілмеген, басқа тұлға қолданыстағы объектіге меншік құқығын алған жағдайда.

34. Осы Қағидалардың 33-тармағында көзделген жағдайларда санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны қайта ресімдеу кезінде көрсетілетін қызметті алушы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны қайта ресімдеуге негіз болған тиісті өзгерістер туралы растайтын құжаттармен бірге осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес өтініш жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы "жеке кабинетке" мемлекеттік көрсетілетін қызметке сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі. Көрсетілетін қызметті беруші өтініш келіп түскен күні оны тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері осы Қағидалардың 6, 7, 10 және 16, 17, 20-тармақтарында көзделген ұқсас рәсімдерді жүзеге асырады.

Оң қорытынды болған кезде көрсетілетін қызметті беруші 4 (төрт) жұмыс күні ішінде санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны қайта ресімдейді не теріс

қорытынды болған кезде көрсетілген мерзімдерде санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны қайта ресімдеуден дәлелді бас тартуды дайындайды және көрсетілетін қызметті алушыға жібереді.

38. Объектілерге санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының қолданылуын тоқтату үшін негіз болып табылады:

- 1) объектілерге санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыдан айыру;
- 2) рұқсат беру тәртібінің күшін жою;
- 3) заңды тұлғаның қызметін тоқтату, тарату;
- 4) көрсетілетін қызметті алушының объектілерге санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының қолданылуын тоқтату туралы ерікті өтініші;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайлар.

Объектілерге санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының қолданылуы тоқтатылған сәттен бастап көрсетілетін қызметті алушы объектілерге жүзеге асыруға санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды берілген қызметті немесе әрекеттерді жүзеге асыра алмайды.";

мынадай мазмұндағы 39-тармақпен толықтырылсын:

"39. Жобаларға арналған санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының жарамдылығын тоқтату тәртібі ӘРПК-нің 84-бабына сәйкес жүзеге асырылады.";

осы Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы Қағидаларға 3-қосымша алып тасталсын;

осы Қағидаларға 5, 7 және 8-қосымшалар осы бұйрыққа 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген 2-қосымшаға сәйкес Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын тамақ өнімін өндіру объектілеріне есепке алу нөмірлерін беру және олардың тізілімін жүргізу қағидаларында:

7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын тамақ өнімін өндіру объектісіне есепке алу нөмірін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) тиісті аумақтағы объектінің орналасқан жері бойынша "электрондық үкімет" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді.

8. Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша берілетін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын тамақ өнімін өндіру объектісіне есепке алу нөмірін беру

туралы растауды алу үшін жеке тұлға дара кәсіпкер ретінде немесе заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын тамақ өнімін өндіру объектісіне есепке алу нөмірін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметіне қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің (бұдан әрі – Тізбе) 8-тармағына сәйкес құжаттарды портал арқылы жібереді.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Ұсынылған құжаттар сәйкес келген кезде көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген рәсімдер аяқталған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын тамақ өнімін өндіру объектісіне есептік нөмір беру туралы растауды ресімдейді және береді.

Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға Тізбенің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі - ӘРПК) 66-бабында көзделген тәсілдердің бірімен көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім туралы хабарлама жібереді. Хабарламаны көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамы ӘРПК-нің 73-бабына сәйкес көрсетілетін қызмет аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жібереді. Көрсетілетін қызметті алушы хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде көрсетілетін қызметті берушінің алдын ала шешіміне қарсылық білдіруге немесе ұсынуға құқылы.

Тыңдау жүргізу нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын тамақ өнімін өндіру объектісіне есепке алу нөмірін беру туралы растауды ресімдейді не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты жібереді.";

осы Қағидаларға 1, 2 және 3-қосымшалар осы бұйрыққа 5, 6 және 7-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

А. Алыназарова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2025 жылғы 18 наурыздағы
№ 23 Бұйрыққа 1-қосымша
Санитариялық-
эпидемиологиялық
қорытындыларды беру бойынша
мемлекеттік қызметтерді
көрсету қағидаларына
1-қосымша

"Эпидемиялық мәні жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметінің негізгі талаптарының тізбесі

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы: "Эпидемиялық мәні жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру". Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлерінің атауы: - санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының қолданылуын қайта бастау; - санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны қайта ресімдеу; - санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының қолданылуын тоқтату; - санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының телнұсқасын беру.		
		Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік қызметті беру тәсілдері	"электрондық үкімет": www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	13 (он үш) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нысаны	электрондық (ішінара автоматтандырылған).
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	Жұмыс кестесі: 1) көрсетілетін қызметті берушіде: Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. 2) порталда: (жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда) тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және қызмет көрсету нәтижелерін беру Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.
		- осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш; - осы Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық

8	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	қорытынды алу үшін қажетті зертханалық-аспаптық зерттеулерге (сынақтарға) сәйкес тәуелсіз аккредиттелген зертханалар жүргізген зерттеулер (сынақтар) хаттамаларының электрондық көшірмесі. - жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспорты (2023 жылдың 1 шілдесіне дейін объектінің техникалық паспорты).
9	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің осы Қағидада белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы; 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша; 5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 4-тармағына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы.
		1. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары

10	Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де талаптар	gov.egov.kz интернет-ресурсында орналастырылған. 2. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу мүмкіндігі бар. 3. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті" арқылы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. 4. Мемлекеттік қызметті портал арқылы көрсету кезінде нашар көретін адамдар үшін нұсқасына қолжетімді. 5. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары gov.egov.kz интернет-ресурсында көрсетілген. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.
----	---	---

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2025 жылғы 18 наурыздағы
№ 23 Бұйрыққа 2-қосымша
Санитариялық-
эпидемиологиялық
қорытындыларды беру бойынша
мемлекеттік қызметтерді
көрсету қағидаларына
5-қосымша

"Қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлардың жол берілетін шекті шығарындылары мен жол берілетін шекті төгінділері, санитариялық қорғау аймақтары мен санитариялық-қорғаныш аймақтары бойынша нормативтік құжаттама жобаларының, шикізат пен өнімнің жаңа түрлерінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметіне негізгі талаптардың тізбесі

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы:

"Қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлардың жол берілетін шекті шығарындылары мен жол берілетін шекті төгінділері, санитариялық қорғау аймақтары мен санитариялық-қорғаныш аймақтары бойынша нормативтік құжаттама жобаларының, шикізат пен өнімнің жаңа түрлерінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру".

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлерінің атауы:

- қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлардың шекті жол берілетін шығарындылары мен шекті жол берілетін төгінділерінің нормативтік құжаттамасының жобаларына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу;
- санитариялық қорғау аймағының, санитариялық-қорғаныш аймақтарының нормативтік құжаттамасының жобаларына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу;
- шикізат пен өнімге нормативтік құжаттама жобаларына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу;
- топыраққа, су айдындарына және атмосфералық ауаға химиялық, биологиялық, токсикологиялық, радиологиялық жүктеме бойынша материалдарға нормативтік құжаттама жобаларына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу;
- санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны қайта ресімдеу;
- санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының телнұсқасын беру.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік қызметті беру тәсілдері	"электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы: www.egov.kz (бұдан әрі-портал)
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	10 (он) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нысаны	электрондық (ішінара автоматтандырылған).
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.
		Жұмыс кестесі: 1) көрсетілетін қызметті берушіде: Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

7	Көрсетілетін қызмет берушінің және ақпарат объектісінің жұмыс кестесі	2) порталда: тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда). Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және қызмет көрсету нәтижелерін беру Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.
8	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті	1) қоршаған ортаға шекті жол берілетін шығарындылардың, зиянды заттардың, физикалық факторлардың шекті жол берілетін төгінділерінің нормативтік құжаттамасының жобаларына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу үшін: - осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш; - қоршаған ортаға зиянды заттардың, физикалық факторлардың шекті жол берілетін шығарындылары, шекті жол берілетін төгінділері бойынша нормативтік құжаттама жобасының электрондық көшірмесі; 2) санитариялық қорғау аймағының, санитариялық-қорғау аймақтарының нормативтік құжаттамасының жобаларына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу үшін: - осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш; - санитариялық күзет аймағының, санитариялық-қорғау аймақтарының нормативтік құжаттамасы жобасының электрондық көшірмесі (есептік (алдын ала), белгілеу үшін); - (белгіленген (түпкілікті) үшін) шынайы зерттеулер мен

алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі		өлшемдердің жылдық циклінің хаттамасы; 3) шикізат пен өнімге нормативтік құжаттама жобаларына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу үшін: - осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш; жаңа шикізат пен өнімге арналған нормативтік құжаттама жобасының электрондық көшірмесі; 4) топыраққа, су айдындарына және атмосфералық ауаға химиялық, биологиялық, токсикологиялық, радиологиялық жүктеме бойынша материалдарға нормативтік құжаттама ж о б а л а р ы н а санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу үшін: - осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен расталған электрондық құжат нысанындағы өтініш; - топыраққа, су айдындарына және атмосфералық ауаға химиялық, биологиялық, токсикологиялық, радиологиялық жүктеме материалдары бойынша нормативтік құжаттама жобасының (есебінің) электрондық көшірмесі.
		1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің осы Қағидада белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

9	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер	3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы; 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша; 5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 4-тармағына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы.
10	Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де талаптар	1. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары gov.egov.kz интернет-ресурсында орналастырылған. 2. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік қызметті алуға мүмкіндігі бар. 3. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. 4. Мемлекеттік қызметті портал арқылы көрсету кезінде нашар көретін адамдар үшін нұсқасына қолжетімді. 5. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары gov.egov.kz интернет-ресурсында көрсетілген.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету
мәселелері жөніндегі бірыңғай
байланыс орталығы: 1414, 8 800
080 7777.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2025 жылғы 18 наурыздағы
№ 23 Бұйрыққа 3-қосымша
Санитариялық-
эпидемиологиялық
қорытындыларды беру бойынша
мемлекеттік қызметтерді
көрсету қағидаларына
7-қосымша

Нысан

басшысының тегі, аты,
әкесінің аты (бар болса)

мемлекеттік органның атауы

өтініш берушінің тегі, аты,
әкесінің аты (бар болса)

бизнес сәйкестендіру нөмірі

өтініш иесінің мекенжайы

өтініш иесінің байланыс телефоны

Өтініш

Сізден _____ санитариялық-эпидемиологиялық
қорытындының қолданылуын тоқтатуды сұраймын (қажетінің астын сызу керек)

_____ (санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны берген органның атауы, берілген
нөмірі, күні)

_____ берілген объектінің атауы, орналасқан мекенжайы: аудан, көше, үй, пәтер, жобаның
атауы (қажетінің астын сызу)

_____ Мынадай негізде (негіздерде)*:

- 1) құжаттағы қателерді (қателерді) анықтау _____;
- 2) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 45-бабында көрсетілген жағдайларда заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру _____;
